

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

**«Түркістан облысы бойынша техникалық және кәсіптік білім беру,
мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру, орта білім беру бағыттары
бойынша қаржысының жұмсалуына аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы
бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне**

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

2023 ж

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша: (____ парақ)

I. Кіріспе

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Түркістан облысы бойынша техникалық және кәсіптік білім беру, мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру, орта білім беру бағыттары бойынша қаржысының жұмсалуына аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

1) Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқару тиімділігі;

2) Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігі.

3) Техникалық және кәсіптік білім беруге бағытталған бюджет қаражаттарын пайдаланудың Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларына сәйкестігін анықтау.

1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:

1. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Қапланбек жоғары аграрлық-техникалық колледжі» МКҚК,

2. «Түркістан көпсалалы техникалық колледжі» МКҚК,

3. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі» МКҚК,

4. «Д.Қонаев атындағы аграрлық техникалық колледжі» МКҚК,

5. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Мақтаарал аграрлық колледжі» МКҚК,

6. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Кентау көпсалалы колледжі» МКҚК,

7. "Түркістан жоғары көпсалалы қолөнер колледжі" МКҚК,

8. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Түлкібас агробизнес және саяхат колледжі» МКҚК,

9."Ғ.Мұратбаев атындағы "Жетісай гуманитарлық техникалық колледжі"МКҚК,

10. Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының Арыс қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі ММ,

11. Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының "Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі" ММ,

12. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі ММ,

13. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі ММ,

14. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Мақтаарал ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі ММ,

15. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Ордабасы ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі ММ,

16. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Отырар ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі ММ,

17. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі ММ,

18. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Созак ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі ММ,

19. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі ММ,

20. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі ММ,

21. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Сауран" ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі ММ,

22. Үстеме: Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Отырар ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Ө.Жәнібеков атындағы №4 жалпы орта лицей-интернат» КММ,

23. Үстеме: Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Қ.Сәтбаев атындағы №10 мектеп-гимназия интернаты» КММ.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 01.01.2021 жыл – 31.12.2022 жылдар аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2023 жылға арналған тізбесіне сәйкес, «Түркістан облысы бойынша техникалық және кәсіптік білім беру, мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру, орта білім беру бағыттары бойынша қаржысының жұмсалыуына аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша сыртқы мемлекеттік аудит іс-шарасы 18.01.2023 жыл - 12.04.2023 жыл аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 23 аудит объектісі қамтылды. Оның ішінде 9 мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорында, 12 мемлекеттік мекемеде және үстеме тексеру 2 коммуналдық мемлекеттік мекемеде жүргізілді.

Мемлекеттік аудиттің мәніне сәйкес, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 024 «Техникалық және кәсіптік білім беру

ұйымдарында мамандар даярлау», 052- «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау», 067- «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» және 753001 «Жергілікті деңгейде адами әлеуетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», 005 "Мемлекеттік білім беру ұйымдар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу», 007 «Облыстық, аудандық (қалалық) ауқымдардағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар», 015 «Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру», 016 «Тәрбиелейтін мекемелердегі балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамсыз ету», 030 «"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру», 055 «Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру», 067 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары», 082 «Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру», 086 «Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін», 087 «Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі», 089 «Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру», 092 «Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу», 096 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау», 109 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен ағымды іс-шаралар өткізу», 200 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету және оларда медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру», 202 «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға», 203 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға» бюджеттік бағдарламалары қамтылып, аудиторлық іс-шараның мақсатына сәйкес:

1) Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқару тиімділігі;

2) Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігі.

3) Техникалық және кәсіптік білім беруге бағытталған бюджет қаражаттарын пайдаланудың Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларына сәйкестігін анықтау тексеру жүргізілу жоспарланды.

Мемлекет Қазақстан Республикасы азаматтарының тегін мектепалды, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуын, түлектерге бір мамандық шеңберінде жұмысшы біліктілігін немесе жұмысшы біліктіліктерін бере отырып, техникалық және кәсіптік білім алуын, сондай-ақ, әскери, арнаулы оқу орындарында алынатын білімді қоспағанда, егер Қазақстан Республикасының азаматы осы деңгейлердің әрқайсысында бірінші рет білім алатын болса, мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуын қамтамасыз етеді.

Кәсіпорындар өз қызметін Түркістан облысы әкімдігінің 02.08.2019 жылғы №163 қаулысымен және 13.12.2019 жылғы №259 қаулысымен бекітілген Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

Кәсіпорынның құрылтайшысы – Түркістан облысының әкімдігі.

Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын уәкілетті органы: Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы.

Коммуналдық қазыналық кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасымен бекітілген.

Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығымен бекітілген «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларымен» (бұдан әрі – Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидасы) жүзеге асырылады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидасына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі (бұдан әрі – ТКОБКБ) бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі Әдістемеге сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды есептеу алгоритмі бойынша

анықталады. Бұл ретте техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Түркістан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 24 қарашадағы №259 қаулысымен «2021-2022 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы» және Түркістан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 20 қазандағы №200 қаулысымен «2022-2023 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы» бекітілген *(Мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі, орын саны және оқу жылы ішінде бір білім алушыны оқытуға жұмсалатын шығыстардың орташа құны көрсетілген)*.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Арыс қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Ордабасы ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Отырар ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Мақтаарал ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз қызметтерін Түркістан облысы әкімдігінің 14.01.2021 жылғы №5 қаулысымен бекітілген Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі Түркістан облысы әкімдігінің 18.06.2021 жылғы №143 қаулысына сәйкес құрылған.

Мемлекеттік аудит объектісінің негізгі міндеттері мен функциялары мекемелердің бекітілген ережесімен айқындалған.

Мекемелердің құрылтайшысы – Түркістан облысының әкімдігі.

Мекеменің мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған байланысты мекеменің мүлкіне құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган: Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы.

Мемлекеттік органның миссиясы: білім саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру, білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Аудит нәтижелері көрсеткендей, іс шара бойынша жалпы аудитпен қамтылған 23 объектінің ішінде 20-да қаржылық бұзушылықтар және 6 мекемеде тиімсіз пайданылған бюджет қаржаты, 22-объектіде 62 бірлік рәсімдік бұзушылықтар анықталған.

Яғни, мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан өз мерзімінде жүйелі іс-шараларды жүргізу қажет.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары қатаң сақталуы тиіс.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Мемлекеттік аудит іс-шарасы бойынша

Жалпы аудитпен 299 286 358,0 мың теңге (*республикалық бюджет қаражаты 242 905 848,0 мың теңге*) қамтылды, оның ішінде 2021 жылдың тексеру кезеңі бойынша 34 608 980,0 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 25 960 029,0 мың теңге*), 2022 жыл кезеңіне 264 677 378,0 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 216 945 819,0 мың теңге*) қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 23 объектінің ішінде 20-да қаржылық бұзушылықтар және 6 мекемеде тиімсіз пайданылған бюджет қаржаты, 22-объектіде 62 бірлік рәсімдік бұзушылықтар анықталған.

Анықталған бұзушылықтар сомасы барлығы **2 197 463,2 мың теңгені** құрады. Оның ішінде:

- бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **1 234,3 мың теңге**;
- бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **2 104 622,0 мың теңге**.
- тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **91 606,9 мың теңге**.

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **2 105 856,3 мың теңге**, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны **2 104 622,0 мың теңге**, өтелуге жататыны **1 234,3 мың теңге**.

Жалпы барлығы **2 105 856,3 мың теңге** өтеліп, қалпына келтірілген,

-аудиторлық іс-шара барысында 2 105 720,5 мың теңге, оның ішінде: (оның ішінде 2 104 622,0 мың теңге қалпына келтірілген болса, 1 098,5 мың теңгесі өтелді

-аудиторлық қорытындыны дайындау барысында 135,8 мың теңге (өтелгені 135,8 мың теңге).

Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:

I. Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың бұзушылықтары 8 мекемеде 1 234,3 мың теңгені құраған. Атап айтқанда:

1. Айлық жалақыны дұрыс есептемеу салдарынан 2 мекемеде **135,8 мың теңге** қаржылық бұзушылық анықталған. Атап айтқанда:

- Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Арыс қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 100,1 мың теңге.

- Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 35,7 мың теңге.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек Кодексінің 103-бабының 1-тармағының талабы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» № 1193 қаулысымен бекітілген 18-қосымшасының талаптары сақталмаған.

2. Қызметкерлердің іс сапар шығындарын дұрыс есептемеу салдарынан 5 мекемеде **618,5 мың теңге** қаржылық бұзушылық анықталған. Оның ішінде:

-Д.Қонаев атындағы аграрлық техникалық колледжі МКҚК бойынша 132,1 мың теңге;

-Түркістан жоғары көпсалалы, қол өнер колледжі МКҚК бойынша 69,9 мың теңге;

-Ғ.Мұратбаев атындағы "Жетісай гуманитарлық техникалық колледжі"МКҚК бойынша 116,4 мың теңге;

-Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Мақтаарал ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 275,6 мың теңге;

- Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «№10 Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназия интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 24,5 мың теңге.

Бұл ретте, Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 2 желтоқсандағы «2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» № 77-

VII Заңының 9 бабы 4 тармақшасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу» қағидаларының 4 тармағы 2 тармақшасының, 3 тармағы 1 тармақшасының, 2 тармақшасының екінші абзацының талаптары сақталмаған.

3. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 480,0 мың теңгеге есептелген сметалық пайда сомасы мердігерге артық аударылған.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 97 бабы 6 тармағының талабы, сонымен қатар сол кезде қолданыста болған Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2017 жылғы 14 қарашадағы «Құрылыстағы баға белгілеу бойынша нормативтік құжаттарды бекіту туралы» № 249-нқ бұйрығына 2 қосымшадағы Құрылыстағы үстеме шығыстардың және сметалық пайданың шамасын айқындау жөніндегі нормативтік құжаттың 19 тармағының (Жабдық құнына сметалық пайда есептелмейді) талабы сақталмаған.

II. Бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде 16 мекемеде жалпы 2 104 622,0 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:

- «Қапланбек жоғары аграрлық-техникалық колледжі» МКҚК бойынша 589,0 мың теңге;

- «Түркістан көпсалалы-техникалық колледжі» МКҚК бойынша 472,2 мың теңге;

- «Д.Қонаев атындағы аграрлық техникалық колледжі» МКҚК бойынша 632,2 мың теңге;

- «Мақтаарал аграрлық колледжі» МКҚК бойынша 1 228,9 мың теңге;

- «Кентау көпсалалы колледжі» МКҚК бойынша 2 701,4 мың теңге;

- «Түлкібас агробизнес және саяхат колледжі» МКҚК бойынша 3 388,6 мың теңге;

-Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Арыс қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 201 050,6 мың теңге;

-Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 46 815,3 мың теңге;

-Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Ордабасы ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 32 479,1 мың теңге;

-Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 788 823,8 мың теңге;

-Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 49 592,3 мың теңге;

-Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 6 000,0 мың теңге;

-Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 372 656,2 мың теңге;

-Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Отырар ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 12 124,0 мың теңге;

-Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 336 243,4 мың теңге;

-Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Отырар ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Ө.Жәнібеков атындағы №4 жалпы орта лицей-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 249 825,0 мың теңге.

Бұл ретте: Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы №185 бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарының» 21 тармағының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №241 бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларының» 3-тармағы 1) тармақшасының, 7, 14, 17, 18, 20 тармақтарының, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 4-бабы, 15-бабының 1 тармағының, 5-бабы, 6-бабының 3 тармағының және 7 бабы 1 тармағының екінші абзацының талаптары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу» қағидаларының 3-тармағы 1) тармақшасының, 43) тармақшасының, 4, 5, 15, 18, 114,116, 117, 118, 236, 237, 243, 245, 247, 250, 271, 272-тармақтарының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 01 тамыздағы №468 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларына» қағидаларының 25, 27, 31 тармақтарының талаптары сақталмаған.

III. Тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы 6 мекемеде 91 606,9 мың теңгені құраған.

- Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Арыс қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 292,3 мың теңге;

-Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 37 249,1 мың теңге;

- Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 15 529,9 мың теңге;

-Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Ордабасы ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 273,9 мың теңге;

- Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 33 332,4 мың теңге;

-Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 3 929,3 мың теңге.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет Кодексінің» 4 бабы 12 тармақшасының (тиімділік принципі- бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдаланып, ең үздік тікелей нәтижеге қол жеткізу қажеттілігін негізге ала отырып, бюджеттерді әзірлеу және атқару немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланып, тікелей нәтижеге қол жеткізу) талаптары сақталмаған.

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша 22 объектіде жалпы 62 бірлік бұзушылық фактілері орын алған.

Атап айтқанда:

1. Бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілік бойынша 22 мекемеде 53 бірлік анықталған:

1. «Қапланбек жоғары аграрлық-техникалық колледжі» МКҚК бойынша 3 бірлік;

2. «Түркістан көпсалалы-техникалық колледжі» МКҚК бойынша 6 бірлік;

3. «Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі»МКҚК бойынша 4 бірлік;

4. «Д.Қонаев атындағы аграрлық техникалық колледжі» МКҚК бойынша 1 бірлік;

5. «Мақтаарал аграрлық колледжі» МКҚКбойынша 3 бірлік;

6. «Кентау көпсалалы колледжі» МКҚК бойынша 5 бірлік;

7. «Түлкібас агробизнес және саяхат колледжі» МКҚК бойынша 6 бірлік;

8. Ғ.Мұратбаев атындағы "Жетісай гуманитарлық техникалық колледжі" МКҚК бойынша 1 бірлік;

9. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Арыс қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 5 бірлік;

10. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

11. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

12. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Ордабасы ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

13. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

14. «Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 4 бірлік;

15. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

16. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Мақтаарал ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

17. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

18. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

19. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Отырар ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

20. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының "Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

21. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Отырар ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Ө.Жәнібеков атындағы №4 жалпы орта лицей-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

22. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «№10 Қ.Сәтбаев

атындағы мектеп-гимназия интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
1 бірлік.

2. Бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары бойынша 6 мекемеде 8 бірлік анықталған:

1. «Қапланбек жоғары аграрлық-техникалық колледжі» МКҚК бойынша 1 бірлік;

2. «Д.Қонаев атындағы аграрлық техникалық колледжі» МКҚК бойынша 2 бірлік;

3. «Мақтаарал аграрлық колледжі» МКҚК бойынша 1 бірлік;

4. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Ордабасы ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

5. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

6. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік.

3. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңнамасы бойынша бұзушылықтар бойынша 1 бірлік анықталған. Атап айтқанда, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының "Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінде шаруашылық тауарларды сатып алу үшін сатып алынатын әрбір шаруашылық заттардың техникалық ерекшелігі құжаттамасында олардың фирмалық атаулары, шығаратын мемлекет атаулары көрсетіп мемлекеттік сатып алу заңын басшылыққа алмаған.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Арыс қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша.

Жалпы білім беретін мектептер желісі- 37, оның ішінде: 25 жалпы білім беретін (1 мектеп-гимназиясы (М.Ауезов атындағы мектеп-гимназиясы), жалпы орта мектеп саны- 26, 0 негізгі орта мектеп, 4 бастауыш мектеп, 7 шағын жинақты бастауыш мектепте –20261 оқушы білім алған.Сонымен бірге 2022 жылдың қорытындысымен 57 мектепке дейінгі ұйымдар қызмет етуде. Оның 10-мемлекеттік, 47-жекеменшік. «Білімді ұлт» сапалы білім беру»

ұлттық жобасында 3-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиемен қамтуды 100 % -ға жеткізу межелеген. 1-6 жас аралығындағы бала саны 5778, оның ішінде 2-6 жас аралығындағы бала саны 5364, 3-6 жас аралығындағы бала саны-3826.

10 мемлекеттік балабақшада 1-6 жас аралығындағы бала саны 1135, оның ішінде 2-6 жас аралығындағы бала саны 1120, 3-6 жас аралығындағы бала саны 795. 47 жекеменшік балабақшада 1-6 жас аралығындағы бала саны 4643, оның ішінде 2-6 жас аралығындағы бала саны 4244, 3-6 жас аралығындағы бала саны 3031. Мектеп жанындағы шағын орталық жоқ. Мектепке дейінгі ұйымдарда 1-6 жас аралығында 5778 бала қамтылып, ол 81,7 %-ды, оның ішінде 2-6 жастағы 5364 бала қамтылып ол 98,3%, 3-6 жас аралығында 3826 бала қамтылып, ол 92,2 % -ды құраған. Мектепке дейінгі ұйымдардағы жалпа педагогтар саны 578, оның мемлекеттік балабақшадағы 152, жекеменшік балабақшадағы 426.

Барлық балабақшаларға кезекке қою, жолдама беру, қабылдау «Balabagsha.nation» жүйесімен толық автоматтандырылған (2019 ж. бастап). Барлық мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балалардың балабақшаға келуін есепке алуды автоматтандыру жұмыстары жүргізіледі.

Аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2022 жылғы жоспарына сәйкес 20 аудандық әдістемелік семинарлар, шебер сыныптар мен ақпапарттық сағаттар өткізілген. 2022 жылы оқу процесіне қажетті барлық функциялардың жиынтығы қамтылған білім саласындағы ақпараттық жүйелермен интеграцияланған «Bilim Land» платформасымен «Әлеуетті мемлекеттік жекешелік әріптестікті іске асыру мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы меморандум» түзілген.

Аталған платформаның білім мазмұнына қатысты жүйесіне аудан мектептері 100% тегін қосылған.

Сонымен қатар, педагогтарды аттестаттау процесін автоматтандыру бойынша «Е-Портфолио», білім саласының аналитикалық есебін қалыптастыратын «Basqarma.Smartnation.kz» білім беру ресурстары мен мектеп кітапханаларын цифрландыру үшін «Е-Кітапхана» платформасы іске қосылған.

«Күнделік» электронды журналына – 37 мектеп қосылған, яғни 100 пайыз дерлік қамтылған. (2241-мұғалім, 19014-оқушы, 13485-ата-ана).

2022-2023 оқу жылының II тоқсанның бастап «Bilim Land» эко жүйесінің электронды журналын аудандағы 37 мектеп қосылып пайдалануда.

Арыс қаласының білім беру мекемелерінде жалпы 2241 педагог жұмыс істейді. Оның ішінде жаңа біліктілік санаты бойынша 2241 педагогтың – 20 педагогы «педагог-шебер», 564 педагогы «педагог-зерттеуші», 547 педагогы «педагог-сарапшы», 524 педагогы «педагог-модератор», 586 педагогы

«педагог». Сонымен қатар ескі біліктілік санаты бойынша 253 педагогтың–50 педагогы «жоғары санат», 118 педагогы «бірінші санат», 85 педагогы «екінші санатты».

Арыс ауданы бойынша «Өрлеу» БАҰО, ПШО және Bilim Center - Bilimland платформасына функционалдық сауаттылық бойынша 391 педагог біліктілік арттыру курсынан өткен. Ауданға қарасты 24 жалпы орта білім беретін мектептерде 2021-2022 оқу жылында бітіруші 11 сыныпты 1126 оқушы аяқтаған. Оның ішінде «Алтын белгі» үміткеріне 10 оқушы ұсынылған. Мемлекеттік аттестаттау қорытындысы бойынша 10 оқушы «Алтын белгі» иегері атанған.

2022-2023 оқу жылын жоғарыда көрсетілген сыныптар бойынша мектептердің сұранысы негізінде, нақты бала санымен толтырылып облыстық басқармаға тапсырыс берілген. Облыстық басқарма 8 баспамен келісім шарт түзілген. Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін облыстық бюджет есебінен 2022-2023 оқу жылында оқулықтарға 157937038 мың теңге қаралып, 70455 дана оқулықтар өз мерзімінде мектептерге жеткізіліп нәтижесінде оқушылар оқулықтармен 100 пайыз қамтамасыз етілген.

Аудан бойынша 29 мектепте инклюзивті білім беруге жағдай жасалған. Инклюзивті біліммен қамтылған ерекше білім беруді қажет ететін балалар саны –134 бала. Оның ішінде: 134 мектеп сыныбында ықпалдастырыла оқытылатын-43 бала, 2 мектепте («Қаражантақ»жом, Б.Онтаев ЖОМ) логопункте тіл кемістігі бар 34 бала түзету жұмыстарын алады.

Арыс қаласы бойынша 5 мектептің ғимараттарына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі бар. Бүгінгі таңда, 5 мектептің ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу үшін жобалық-сметалық құжаттамалары әзірлену керек. Ал, 5 мектептің ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу үшін жобалық-сметалық құжаттамаларын әзірлеуге 42,6 млн. теңге қаржы бөлу қажет.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 9 сәуірдегі №22-62-7.42-тапсырмасымен Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Т.Сүлейменовтың «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасын әзірлеу туралы берілген тапсырмасына сәйкес,: Арыс қаласы Тараз шағын ауданынан бойынан 600 орындық (2,8га), Наурыз ашағын ауданына 900 орындық (4,0га), мектептердің құрылысын жүргізу қажеттілігі туындауда.

Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін 2 қосымша білім беру мекемелері жұмыс жасауда, онда 453 оқушы, ал, мектептегі үйірмелерге 13747 оқушы қамтылып отыр. Бұл аудан оқушыларының 70% (14200) құрайды.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзім аралығында мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес өз Ережесі негізінде жүзеге асырған.

2022 жылы атқарылған жұмыстарды ескере отырып мекеменің қызметі тиімді деп бағаланған.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Арыс қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметінің тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит аудиттелген аудит объектісінің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсері барын көрсетті.

Мекеменің негізгі қызметі Ережеде айқындалған білім саласында бірыңғай мемлекеттік саясаттық қалыптастыру, білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ету ретінде іске асырылған.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша.

Ауданда 82 мектеп жұмыс істейді, 72-і жалпы орта, 1-уі негізгі орта мектеп, онда 45676 оқушы, ал 9 жекеменшік бастауыш мектепте 691 оқушы білім алады. Жалпы, Жетісай ауданы бойынша жалпы орта мектептерде пәндік және қызығушылығы бойынша 1309 үйірмеде 22917 оқушы қамтылған. Оның ішінде қосымша білім беру педагогтары жүргізетін үйірмелер саны – 190.

Сонымен бірге 3 мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдары, 1 арнаулы коррекциялық бөбекжай балабақша, 19 мемлекеттік және 143 мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде жұмыс атқаратын балабақшалар бар.

Жалпы Жетісай ауданындағы бөлім аппаратында 4 штаттық бірлік мемлекеттік қызметкерлер, 11 штаттық бірлік техникалық қызметкерлер, 28 штаттық бірлік әдіскерлер, орталықтандырылған бухгалтерияда 52 штаттық бірлік азаматтық және техникалық қызметкерлер, 73 негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында 9 171,0 штаттық бірлік азаматтық және техникалық қызметкерлер, мектептен тыс 2 қосымша білім беру мекемесінде 60,9 штаттық бірлік азаматтық және техникалық қызметкерлер, 1 шығармашылық орталықта 27 штаттық бірлік азаматтық және техникалық қызметкерлер, 1 арнаулы коррекциялық бөбекжай балабақшада 26,35 штаттық бірлік азаматтық және техникалық қызметкерлер, 19 мемлекеттік бөбекжай балабақшаларында 577 штаттық бірлік азаматтық және техникалық қызметкерлер қызмет атқарады.

Бөлімге қарасты 73 негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарының Жетісай қаласында орналасқан 9 мектебі «Мектепке дейінгі

тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы №597 бұйрығына сәйкес жан басына қаржыландырылса, ауылдық елді мекендерде орналасқан 64 мектеп бөлім жанындағы орталықтандырылған бухгалтерия арқылы қаржыландырылады.

Ауданда 5861 педагог оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізуде. Жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдер құрамы:- 124 (2,1%) - «педагог-шебер»;- 1564 (26,7%) - «педагог-зерттеуші»; - 1847 (31,5%) - «педагог-сарапшы»; - 1045 (17,8%) - «педагог-модератор» санаттағы мамандарды құраған.2022 жылы 1292 педагог кадрлар біліктілігін арттырған, оның ішінде ПШО-600, Өрлеу біліктілікті арттыру – 692.

2022 жылы жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жұмыстарына арнайы қаржы қаралып, мемлекеттік қызметтердің бірыңғай порталы арқылы Төлеби ауданында орналасқан орналасқан «Көктөбе» жазғы сауықтыру лагерінде әлеуметтік топтардағы (ата-анасының қамқорлығысыз қалған балалар, аз қамтамасыз етілген, көп балалы отбасы балалары) 627 оқушы демалған.

Жетісай ауданы бойынша 163 мектепке дейінгі ұйымдарда 17041 бала тәрбиеленуде. 1-6 жастағы балалар мектепке дейінгі тәрбиемен 98,6% қамтылған.

Жетісай ауданы бойынша мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны негізіндегі 20 балабақшада 2348 бала. «Мемлекеттік-жекеменшік серіктестігі» негіздегі мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жекеменшік 143 балабақшада 14693 бала. Арнаулы (коррекциялық) балабақшада 19 бала қамтылған. Жетісай ауданында 7 қосымша білім беру мекемесі жұмыс істейді. Оның 3-і мемлекеттік мекеме, 4-і жеке меншіктегі мекемелер. Қосымша білім беру ұйымдарымен 2516 оқушы қамтылған.

Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты 3 қосымша білім беру мекемелерінде, яғни №1 Жетісай балалар өнер мектебінде 6 үйірмеде 155 оқушы қамтылған. Ш.Қалдаяқов атындағы Асықата балалар өнер мектебінде 4 үйірмеде 150 оқушы, Балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығында 18 үйірмеде 981 оқушы қамтылған.

Мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес өз Ережесі негізінде жүзеге асырған.

2022 жылы атқарылған жұмыстарды ескере отырып мекеменің қызметі тиімді деп бағаланған.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметінің тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит аудиттелген аудит объектісінің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсері барын көрсетті.

Мекеменің негізгі қызметі Ережеде айқындалған білім саласында бірыңғай мемлекеттік саясаттық қалыптастыру, білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ету ретінде іске асырылған.

Ережеге сәйкес жүктелген, ауданның мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, балаларға қосымша білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру сияқты міндеттердің іске асырылғанын көрсетті.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі өңірдегі білім алушылар үшін қажетті әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасауға қатысады.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша.

Кентау қаласында қарасты 25 мектеп болса, оның ішінде 23 жалпы орта мектеп, 2 жекеменшік мектеп жұмыс жасайды. Онда 21231 бала білім алуда. Сонымен бірге 3 қосымша білім беру мекемелерінде үйірмемен қамтылған бала саны – 2216 бірлік (Балалар көркем сурет мектебі, саз мектебі, Кентау оқушылар үйі).

Қала бойынша 844 түлек мектеп бітіріп, 714 оқушы ҰБТ-ға қатысқан. ҰБТ нәтижесінде жалпы орта балл 73,9 баллды құрап, 72 оқушы «Алтын белгі», 40 оқушы «Үздік аттестат» алған.

Білім саласындағы білім сапасын анықтаудың негізгі көрсеткіштерінің бірі – білім мекемелерін мемлекеттік аттестаттаудан өткізу. 2021-2022 оқу жылында үш балабақша («Еркеназ», «Қобыланды», «Құлыншақ») және төрт мектеп (№5,6,12,15) мемлекеттік аттестаттаудан сәтті өтіп, 4,9,11 сынып оқушылары білім деңгейін жоғары көрсеткен.

Өткен жылы біліктілік арттыру курсынан өту үшін 647 педагогке сұраныс беріліп, барлығы курстан өткен, бұл 100% пайызды құраған. Қаладағы оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 23 мектеп толығымен бейнебақылау жүйесімен жабдықталған, қалалық ПБ-нің қауіпсіздік камерасына қосылған. Кентау қаласында үш ауысымды және авариялық мектептер жоқ. Мектептің тыныс-тіршілігі, оқушылардың сапалы білім, саналы тәрбие алып, құзыреттіліктерінің артуы тікелей педагог мамандардың

сапасы мен біліктілігіне байланысты. Кентау қаласында 1890 мұғалім қызмет етуде. Оның ішінде: - 1876-ы жоғары білімді;- 14 арнаулы білімді. Ұстаздардың білім деңгейін арттыруда мемлекет өз қамқорлығын танытуда, атап айтсақ:- 28(1%) - «педагог-шебер»;- 426 (22,7%) - «педагог-зерттеуші»; - 390 (20,8%) - «педагог-сарапшы»; - 345 (18,4%) - «педагог-модератор»- 408 (21,7%) – «педагог» санаттағы мамандарды құраған.

Өткен оқу жылында дайындық жұмыстарын нығайтуға 147 284,0 мың теңге қарастырылып, олар мына мақсатта жұмсалған:

- STEM кабинеттермен қамту мақсатында – 31 720,0 мың теңге (№1,10,14 мектептеріне)

- №2,3,12,16,17,19,23 мектептерін интерактивті панельмен қамту мақсатында 10 500,0 мың теңге(әр мектеп 1 500,0 мыңнан теңгеден); - Химия, биология, физика кабинеттерімен және негізгі құралдармен жабдықтауға №1,10,14,22 мектептеріне - 46 070,0 мың теңге; - Компьютерлік құрылғыларды (принтер, компьютер, ноутбук және т.б.) жаңарту мақсатында 2 340,0 мың теңге;- мектептердегі жиһаздарын жаңартуға 2 908,0 мың теңге;

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары 33 бірлікті құрап, оның ішінде мемлекеттік бала-бақша - 14 бірлік, жеке меншік бала бақшалар - 19 бірлікті құраған. Мектепке дейінгі ұйымдарда 1-6 жас аралығында 7641 бала қамтылып, ол 96%-ды құраған.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзім аралығында мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес өз Ережесі негізінде жүзеге асырған.

2021-2022 жылдары атқарылған жұмыстарды ескере отырып мекеменің қызметі тиімді деп бағаланған.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметінің тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит аудиттелген аудит объектісінің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсері барын көрсетті.

Мекеменің негізгі қызметі Ережеде айқындалған білім саласында бірыңғай мемлекеттік саясаттық қалыптастыру, білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ету ретінде іске асырылған.

Ережеге сәйкес жүктелген, қаланың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, балаларға қосымша білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру сияқты міндеттердің іске асырылғанын көрсетті.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі өңірдегі білім

алушылар үшін қажетті әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасауға қатысады.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Ордабасы ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша.

Жалпы білім беретін мектептер желісі-66, оның ішінде: 50 жалпы білім беретін (1 мектеп-гимназиясы (Ш.Уалиханов атындағы мектеп-гимназиясы), жалпы орта мектеп саны- 46, 3 негізгі орта мектеп, 2 бастауыш мектеп, 15 шағын жинақты бастауыш мектепте –37081 оқушы білім алған.

Сонымен бірге, 2022 жылдың қорытындысымен 57 мектепке дейінгі ұйымдар қызмет етуде. Оның 12-мемлекеттік, 41-жекеменшік, 1 мектеп жанындағы шағын орталық. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында 3-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиемен қамтуды 100 % -ға жеткізу межелеген. 1-6 жас аралығындағы бала саны 8278, оның ішінде 2-6 жас аралығындағы бала саны 8278, 3-6 жас аралығындағы бала саны-7457.

15 мемлекеттік балабақшада 1-6 жас аралығындағы бала саны 2120, оның ішінде 2-6 жас аралығындағы бала саны 2120, 3-6 жас аралығындағы бала саны 1566. 41 жекеменшік балабақшада 1-6 жас аралығындағы бала саны 6083, оның ішінде 2-6 жас аралығындағы бала саны 6083, 3-6 жас аралығындағы бала саны 5781. Мектеп жанындағы шағын орталығында 1-6 жас аралығындағы бала саны 75, оның ішінде 2-6 жас аралығындағы бала саны 75, 3-6 жас аралығындағы бала саны 53. Мектепке дейінгі ұйымдарда 1-6 жас аралығында 8375 бала қамтылып, ол 99,1 %-ды, оның ішінде 2-6 жастағы 8378 бала қамтылып ол 99,4%, 3-6 жас аралығында 7400 бала қамтылып, ол 99,3 % -ды құраған. Мектепке дейінгі ұйымдардағы жалпа педагогтар саны 907, (оның мемлекеттік балабақшадағы 387, жекеменшік балабақшадағы 520.

Сонымен қатар, педагогтарды аттестаттау процесін автоматтандыру бойынша «Е-Портфолио», білім саласының аналитикалық есебін қалыптастыратын «Basqarma.Smartnation.kz» білім беру ресурстары мен мектеп кітапханаларын цифрландыру үшін «Е-Кітапхана» платформасы іске қосылған.

«Күнделік» электронды журналына – 66 мектеп қосылған, яғни 100 пайыз дерлік қамтылған. (4670-мұғалім, 34380-оқушы, 25673-ата-ана).

2022-2023 оқу жылының ІІ тоқсаннына бастап «Bilim Land» платформасының электронды журналын аудандағы 66 мектеп қосылып пайдалануда.

Ордабасы аудандық білім беру мекемелерінде жалпы 4292 педагог жұмыс істейді. Оның ішінде жаңа біліктілік санаты бойынша 4292 педагогтың –

62 педагогы «педагог-шебер», 923 педагогы «педагог-зерттеуші», 1142 педагогы «педагог-сарапшы», 737 педагогы «педагог-модератор», 1341 педагогы «педагог». Сонымен қатар ескі біліктілік санаты бойынша 87 педагогтың–18 педагогы «жоғары санат», 45 педагогы «бірінші санат», 24 педагогы «екінші санатты». Ордабасы ауданы бойынша «Өрлеу» БАҰО, ПШО және Bilim Center - Bilimland платформасына функционалдық сауаттылық бойынша 1918 педагог біліктілік арттыру курсынан өткен. Ауданға қарасты 50 жалпы орта білім беретін мектептерде 2021-2022 оқу жылында бітіруші 11 сыныпты 1846 оқушы аяқтаған. Оның ішінде «Алтын белгі» үміткеріне 92 оқушы ұсынылған. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидалары» бұйрығына сәйкес өткізіледі. Мемлекеттік аттестаттау қорытындысы бойынша 91 оқушы «Алтын белгі» иегері атанған.

2022-2023 оқу жылында 2-сынып оқулықтары толық көлемде, 7-сынып үшін «Физика», «Химия», «Биология» қостілді оқулықтары және 5-11 сыныптар үшін «Абайтану» оқулықтары жаңартылған. Сонымен қатар, оқушылар (1,2,4,5,6,7,8,9,10,11 сыныптардың) жетіспейтін және ескі оқулықтарын жаңарту арқылы толықтыруды қамтамасыз етілген.

2022-2023 оқу жылын жоғарыда көрсетілген сыныптар бойынша мектептердің сұранысы негізінде, нақты бала санымен толтырылып облыстық басқармаға тапсырыс берілген. Облыстық басқарма 14 баспамен келісім шарт түзілген. Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін облыстық бюджет есебінен 2022-2023 оқу жылында оқулықтарға 430 084,7 мың теңге қаралып, 162478 дана оқулықтар өз мерзімінде мектептерге жеткізіліп нәтижесінде оқушылар оқулықтармен 100 пайыз қамтамасыз етілген.

Аудан бойынша 29 мектепте инклюзивті білім беруге жағдай жасалған. Инклюзивті біліммен қамтылған ерекше білім беруді қажет ететін балалар саны –388 бала. Оның ішінде: 5 мектепте 6 арнайы сыныпта 63, ықпалдастырыла оқытылатын- 25 бала, 19 мектепте логопункте тіл кемістігі бар 300 бала түзету жұмыстарын алады.

Ауданда құрылысы жүріп жатқан нысандар:

1.Төрткүл ауылы, ПМК мөлтек ауданынан салынып жатқан 300 орындық жаңа мектеп.

2.Қызыл жар ауылы, Қызыл жар жалпы орта мектебіне салынып жатқан 300 орындық жаңа мектеп.

3.Шұбарсу ауылы, Арал-ЭКО массивінен салынып жатқан 600 орындық жаңа мектеп.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасына ұсынылған мектептер.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 9 сәуірдегі №22-62-7.42-тапсырмасымен Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Т.Сүлейменовтың «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасын әзірлеу туралы берілген тапсырмасына сәйкес, 1. Темірлан ауылы, Самал мөлтек ауданынан 1200 орындық. 2. Бадам ауылы, Орда мөлтек ауданынан 600 орындық. 3. Шұбарсу ауылынан 900 орындық. 4. Шұбарсу ауылы, жаңа мөлтек ауданнан 2000 орындық. 5. Ақбұлақ ауылынан 300 орындық. Жер телімі дайын. «Самұрық Қазына» АҚ-не жер телімі өткізіліп, ЖСҚ дайындалуда.

Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін 2 қосымша білім беру мекемелері жұмыс жасауда, онда 710 оқушы, ал, мектептегі үйірмелерге 18742 оқушы қамтылып отыр. Бұл аудан оқушыларының 70% құрайды.

Мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес өз Ережесі негізінде жүзеге асырған.

2022 жылы атқарылған жұмыстарды ескере отырып мекеменің қызметін тиімді деп бағалаймыз.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Ордабасы ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметінің тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит аудиттелген аудит объектісінің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсері барын көрсетті.

Мекеменің негізгі қызметі Ережеде айқындалған білім саласында бірыңғай мемлекеттік саясаттық қалыптастыру, білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ету ретінде іске асырылған.

Ережеге сәйкес жүктелген, ауданның мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, балаларға қосымша білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру сияқты міндеттердің іске асырылғанын көрсетті.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша.

Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты жалпы білім беретін мектептер желісі- 30, оның ішінде: 23 жалпы білім беретін (1 мектеп-гимназиясы (Т.Айбергенов атындағы мектеп-гимназиясы), 2 мектеп-лицейі («Шардара», «Жаушықұм» мектеп лицейі)), жалпы орта

мектеп саны- 20, 1 негізгі орта мектеп, 1 бастауыш мектеп, 5 шағын жинақты бастауыш мектепте –19234 оқушы білім алған.

Сонымен бірге 2022 жылдың қорытындысымен 41 мектепке дейінгі ұйымдар қызмет етуде. Оның 17-мемлекеттік, 23-жекеменшік, 1-мектеп жанындағы шағын орталық. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында 3-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиемен қамтуды 100 % -ға жеткізу межеленген. 1-6 жас аралығындағы бала саны 4602, оның ішінде 2-6 жас аралығындағы бала саны 4591, 3-6 жас аралығындағы бала саны-4373. 17 мемлекеттік балабақшада 1-6 жас аралығындағы бала саны 2407, оның ішінде 2-6 жас аралығындағы бала саны 2406, 3-6 жас аралығындағы бала саны 2339. 23 жекеменшік балабақшада 1-6 жас аралығындағы бала саны 2180, оның ішінде 2-6 жас аралығындағы бала саны 2169, 3-6 жас аралығындағы бала саны 2019. 1 мектеп жанындағы шағын орталықта 1-6 жас 15 бала, 3-6 жас 15 бала. Мектепке дейінгі ұйымдарда 1-6 жас аралығында 4602 бала қамтылып, ол 99,8 %-ды, оның ішінде 2-6 жастағы 4591 бала қамтылып ол 99,8%, 3-6 жас аралығында 4373 бала қамтылып, ол 99,9 % -ды құраған. Мектепке дейінгі ұйымдардағы жалпа педагогтар саны 495, (оның мемлекеттік балабақшадағы 319, жекеменшік балабақшадағы 175, шағын орталықта -1).

Барлық балабақшаларға кезекке қою, жолдама беру, қабылдау «Balabagsha.nation» жүйесімен толық автоматтандырылған (2019 ж. бастап). Ендігі кезекте балалардың балабақшаға келуін есепке алуды автоматтандыру жұмыстары жүргізілетін болады.

Сонымен қатар, педагогтарды аттестаттау процесін автоматтандыру бойынша «Е-Портфолио», білім саласының аналитикалық есебін қалыптастыратын «Basqarma.Smartnation.kz» білім беру ресурстары мен мектеп кітапханаларын цифрландыру үшін «Е-Кітапхана» платформасы іске қосылған.

«Күнделік» электронды журналына – 30 мектеп қосылған, яғни 100 пайыз дерлік қамтылған. (2970-мұғалім, 18707-оқушы, 15283-ата-ана).

2022-2023 оқу жылының II тоқсаннына бастап «Bilim Land» эко жүйесінің электронды журналын аудандағы 30 мектеп қосылып пайдалануда.

Шардара ауданының білім беру мекемелерінде жалпы 2893 педагог жұмыс істейді. Оның ішінде жаңа біліктілік санаты бойынша 2372 педагогтың – 20 педагогы «педагог-шебер», 678 педагогы «педагог-зерттеуші», 649 педагогы «педагог-сарапшы», 331 педагогы «педагог-модератор», 694 педагогы «педагог». Сонымен қатар ескі біліктілік санаты бойынша 521 педагогтың – 106 педагогы «жоғары санат», 162 педагогы «бірінші санат», 253 педагогы «екінші санатты».

2022-2023 оқу жылын жоғарыда көрсетілген сыныптар бойынша мектептердің сұранысы негізінде, нақты бала санымен толтырылып облыстық басқармаға тапсырыс берілген. Облыстық басқарма 8 баспамен келісім шарт түзілген. Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін облыстық бюджет есебінен 2022-2023 оқу жылында оқулықтарға 141947,776 мың теңге қаралып, 59176 дана оқулықтар өз мерзімінде мектептерге жеткізіліп нәтижесінде оқушылар оқулықтармен 100 пайыз қамтамасыз етілген.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балалар саны – 486; Жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балалар саны – 37; Білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына жататын балалар саны – 996.

Аудан бойынша 20 мектепте инклюзивті білім беруге жағдай жасалған. Инклюзивті біліммен қамтылған ерекше білім беруді қажет ететін балалар саны – 105 бала. Оның ішінде: 19 мектеп сыныбында ықпалдастырыла оқытылатын- 43 бала, 3 мектепте («Ұзыната» жом, Ж.Жабаев ат бм, А.Әлімбетов ат ЖОМ) логопункте тіл кемістігі бар 62 бала түзету жұмыстарын алады.

Шардара ауданы бойынша 8 мектептің ғимараттарына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі бар. Бүгінгі таңда, 3 мектептің ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу үшін жобалық-сметалық құжаттамалары әзірленуде. Ал, 5 мектептің ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу үшін жобалық-сметалық құжаттамаларын әзірлеуге 67,4 млн. теңге қаржы бөлу қажет.

8 мектептің ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу қажет. 5 мектептің ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу үшін жобалық-сметалық құжаттамаларын әзірлеуге 67,4 млн. теңге қаржы бөлу қажет.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 9 сәуірдегі №22-62-7.42-тапсырмасымен Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Т.Сүлейменовтың «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасын әзірлеу туралы берілген тапсырмасына сәйкес, Шардара қаласы Жастар көшесі бойынан 900 орындық (4,4га), Төменгі Тоғай мөлек ауданына 600 орындық (3,55га), Қоссейіт ауылына 600 орындық (2,75 га) және Ұзын-ата ауылына 600 орындық (6,8 га) мектептердің құрылысын жүргізу қажеттілігі туындауда.

Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін 2 қосымша білім беру мекемелері жұмыс жасауда, онда 2705 оқушы, ал, мектептегі үйірмелерге 10225 оқушы қамтылып отыр. Бұл аудан оқушыларының 67% (12930) құрайды.

Мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес өз Ережесі негізінде жүзеге асырған.

2022 жылы атқарылған жұмыстарды ескере отырып мекеменің қызметін тиімді деп бағаланған.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметінің тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит аудиттелген аудит объектісінің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсері барын көрсетті.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі өңірдегі білім алушылар үшін қажетті әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасауға қатысады.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша.

Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты 34 мектеп жұмыс істейді, оның 5-і мектеп-гимназия, 3-і мектеп-лицей, 2 ІТ мектеп-лицейі, 1 мектеп-интернат, 21-і жалпы орта, 1-і бастауыш мектеп, 1 кешкі мектеп. Осы білім ошақтарында 1-11 сыныптарда 42739 оқушы білім алуда.

Бөлімге қарасты 34 мектептің 33-і типтік ғимаратта, 1-і ыңғайластырылған ғимаратта орналасқан. Үш ауысымда оқытатын 4 мектеп (*№2 Хамза, №23 Ж.Тәшенов, Е.Иззатуллаев, №14 Қазыбек би*), ғимараты апаттық жағдайда 1 мектеп бар (*Е.Иззатуллаев*).

6 қосымша білім беру орталықтарында жалпы 3887 оқушы қосымша білім алуда. (*"Өнер" мектебі - 72, Оқушылар сарайы – 1518, Балалар қолөнер мектебі - 421, Саз мектебі - 294, Балалар мен жасөспірімдер орталығын - 1420, "Ақжайық" музыка мектебі - 162*) Сондай-ақ, оқушыларды мектептердегі үйірмелерге тарту көрсеткіші 66,4% болып отыр.

2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдарында (жалпы орта) барлығы - 4675 педагог қызмет атқаруда. Оның ішінде, 4673 мұғалім жоғары білімді болса, 2 мұғалімнің орта арнаулы білімі бар. Педагогтардың 99-ы жоғары санатты, 115-і бірінші санатты, 149-ы екінші санатты. Педагог- шебер - 91, педагог-зерттеуші - 859, педагог-сарапшы - 940, педагог-модератор - 1115, педагог - 1307. Педагогтардың біліктілік деңгейі бар педагогтердің үлесі - 72% болып отыр.

Түркістан қаласы бойынша 108 мектепке дейінгі ұйым бар. Оның 21-і мемлекеттік, 87-сі жекеменшік балабақша. Бұл балабақшаларда барлығы 15038 бала мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылып, 3-6 жас бойынша балаларды қамту

100% -ды құрап отыр. Жалпы мектепке дейінгі ұйымда 1222 педагог бар. Жоғары білімі бар педагогтар саны 1044, орта арнаулы педагогтар саны 178. Санаттары бойынша 9-педагог шебер, 1-педагог зерттеуші, 21-педагог сарапшы және 104 педагог модератор жұмыс жасауда.

2022 жылы оқу жылын білім беру ұйымдарында жалпы саны 48697 оқушымен аяқтаған. Оның ішінде 21623 оқушы 1-4 сыныптарда, 21479 оқушы 5-9 сыныптарда, 5595 оқушы 10-11 сыныптарда оқытылған.

Сондай-ақ, оқу жылының қорытындысы бойынша 3896 оқушы 9-сыныпты, 2286 оқушы 11-сыныпты бітірген. Бітірушілерді қорытынды аттестаттау 2022 жылдың 27 мамыр - 10 маусым аралығында жүргізілген.

Бітірушілердің ішінде 117 оқушы "Алтын белгі", 106 оқушы "Үздік аттестат" иегері атанған. 11-сыныпты бітірген 1467 мектеп бітіруші Ұлттық бірыңғай тестілеуге өтініш білдіріп, олардың барлығы тестілеуден өткен. ҰБТ онлайн форматта, яғни электронды түрде "UStudy" тестілеу орталығында өткізіліп, түлектер 6 мамыр - 4 шілде аралығында 4 рет тапсыруға мүмкіндік алған. Тестілеудің нәтижесінде қала бойынша орташа балл 79,7 баллды құрайды. Айта кетерлігі, 1 оқушы ең жоғары мүмкін болған 140 баллдан 138 балл, 1 оқушы 137 балл, 2 оқушы 134 балл жинаған.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша.

Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің қарамағында 41 мектеп бар, оның ішінде 5 шағын жинақты орта мектеп, 31 жалпы орта мектеп, 5 шағын жинақты бастауыш мектеп, Осы мектептерде 4816,0 штаттық бірлік жұмыс жасайды, оның ішінде оқу-қосалқы персоналдар 490,5 штаттық бірлік, әкімшілік-шаруашылық, техникалық персоналдар саны 1269,0 штаттық бірлікті, педагогикалық ставка саны 3056,5 штаттық бірлікті құрайды.

Аудан көлеміндегі бастауыш, негізгі және орта, мектептерде, барлығы 1213 сынып-комплект 23944 оқушы; оның ішінде мектепалды дайындық тобында 95 сынып комплект 1690 оқушы, 1-4 сыныптарда 462 сынып комплект 8939 оқушы, 5-9 сыныптарда 512 сынып комплект 10882 оқушы, 10-11 сыныптарда 144 сынып комплект 2433 оқушы бар. Сонымен қатар, 1 әдістемелік кабинетте 12 штат, 1 орталықтандырылған есеп-қисап бөлімінде 32 штат бірлігі жұмыс жасайды.

Сауран ауданы бойынша 41 мектепке дейінгі ұйым бар. Оның 13-і мемлекеттік, 28-сі жекеменшік балабақша. Бұл балабақшаларда барлығы 4727 бала мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылып, 3-6 жас бойынша балаларды қамту 100% -ды құрап отыр. Жалпы мектепке дейінгі ұйымда 608 педагог бар. Жоғары білімі бар педагогтар саны 225, орта арнаулы педагогтар саны 383.

Санаттары бойынша 95-педагог сарапшы және 80 педагог модератор жұмыс жасауда.

Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты 35 орта білім беру ұйымдарының 5-де педагогтерінің жалпы санындағы 51 педагог-шебердің, 523 педагог - зерттеушінің, 786 педагог-сарапшының және 749 педагог-модератордың біліктілік деңгейі бар педагогтердің үлесі 60%-дан асады. Жалпы аудан бойынша бұл көрсеткіш 63,6% құрайды.

Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты 42 мектеп типтік ғимаратта, Барлық мектеп ыңғайластырылған ғимаратта орналасқан, 3 мектеп бір ауысымда, 39 мектеп екі ауысымда жұмыс істейді. Үш ауысымда оқытатын мектептер жоқ. Апаттық жағдайда мектеп жоқ.

Білім ұйымдарында 2022-2023 оқу жылында жабдықталған пән кабинеттерімен жабдықталуы 42,8% құрауда (29 физика кабинеті, 26 химия кабинеті, 25 биология кабинеті және 24 мультимедиялық кабинеттермен жабдықталған.)

2022 жылы мектеп бітіруші түлектер үшін өткізілген ұлттық бірыңғай тестілеу 20 сәуір мен 7 маусым аралығында жүзеге асырылған. 2022 жылы аудан мектептерін 1352 түлек бітірген. (2022 жылы 1352 түлектің 904-сі *ҰБТ тапсырған*) нәтижесінде аудан көрсеткіші 72,80 балды құраған. 70 оқушы «Алтын белгі» (2022 жылы 70 оқушы), 83 оқушы «Үздік аттестат» (2022 жылы 83 оқушы) иегері атанған.

Мекеменің ұсынылған ақпаратына сәйкес, 2021-2023 оқу жылындағы Сауран ауданы білім мекемелерінің қуаттылығы, толымдылығы, олардың нақты контингентімен класс-комплект санымен салыстыра отырып, сынып саны мен оқушылар саны жылдан жылға көбейіп отырғанын көрсетеді, мектептер жобалық қуаты 16962 оқушыға арналған болса, 2021 жылдың 01 қазанға нақты 25143 оқушы болған, немесе толымдылық 148,2% құрайды. Ауданның демографиялық өсіміне байланысты жыл сайын мектеп оқушыларының саны орта есеппен 4090 балаға артуда.

Ауданда үш ауысымдағы мектептер және апатты жағдайдағы мектептер болмаған.

Сонымен қатар, сараптама-талдау жүргізу барысында 2 ауысымды қоса алғанда 36 білім беру мекемесінде оқушылардың сыйымдылықтан артық екендігі байқалады. Бұл дегеніміз, нақты оқитын оқушылардың мектеп сыныптарында нормадан тыс оқытылуы оқу процессінің сапасына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Аудан көлемінде мектеп жасындағы балалар мен жас өспірімдерді қосымша біліммен қамтамасыз ету жұмыстарының жүргізілмегені анықталды.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметінің тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит аудиттелген аудит объектісінің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсері барын көрсетті.

Ережеде айқындалған білім саласында бірыңғай мемлекеттік саясаттық қалыптастыру, білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ету ретінде іске асырылған.

Ережеге сәйкес жүктелген, ауданның мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, балаларға қосымша білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру сияқты міндеттердің іске асырылғанын көрсетті.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі өңірдегі білім алушылар үшін қажетті әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасауға қатысады.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Мақтаарал ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша.

Мақтаарал ауданында 56 бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымы бар, оның 56-ы мемлекеттік білім беру. 56 мектептің 50-і типтік ғимаратта, 6-ы ыңғайластырылған ғимаратта орналасқан, 13 мемлекеттік, 96 жеке меншік бала бақша бар. Жалпы орта мектептерде 30 312 оқушы қамтылған, Қазақстан Республикасының Заңы аясында міндетті оқу бағдарламасы бойынша оқушылардың саналы тәрбие, сапалы білім алуы бағытында жұмыстар атқарылған. Осы оқушыларға 4 814 мұғалім, 1 690 жұмысшы қызметкерлер қызмет етеді. Аудандағы білім беру ұйымдарының өткен оқу жылдарындағы пәндер бойынша білім сапасының талдауы 2021-2022 жылға жалпы оқушы саны 28 092, жалпы пәндер бойынша орта балы 66,7 пайыз. 2021-2022 оқу жылында 1 928 оқушы мектепті бітірді, оның 1 258-і ҰБТ ға қатысқан орта көрсеткіш 72,5 балл. 83 бітіруші «Алтын белгі» белгісі аттестатына бітірді. Олардың барлығы ҰБТ тапсырды. Орта көрсеткіші 101 балл. Ал үздік аттестат иегерлері 125 оқушы. 2022-2023 оқу жылында жалпы педагог қызметкерлер саны –3 608. Кіші техникалық қызметкерлер саны – 1 550. Педагог қызметкерлерінің сапалық құрамы Педагог-шебер -87, педагог- зерттеуші- 1 117, педагог- сарапшы -917, педагог- модератор – 517, санатсыз мұғалімдер – 690.

Аудандағы 56-мемлекеттік бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымы, 109 балабақша (13-мемлекеттік, 96-жекеменшік) бейнебақылау жүйелерімен 100% қамтамасыз етілген.

Оның ішінде 37 мемлекеттік мектептің бейнебақылау жүйелері Полиция департаментінің жедел басқару орталығына (ЖБО) қосылған. Жалпы 56 мектепте 571 дана видеокамера бар, оның ішінде 320-сының тозығы жеткен. Оларды жаңа форматтағы бейнебақылау жүйелеріне ауыстыруды қажет етеді.

Мақтаарал ауданы аумағынан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2025 жылға дейін 5 білім беру нысанының (1500 орын-1, 900 орын-2, 600 орын-1, 300 орын-1) құрылысын жүргізу үшін жер телімдері бөлінген. Атап айтқанда: 1. 900 орындық - Жамбыл ауылдық округі, Абай елді мекенінен; 2. 600 орындық - А.Қалыбеков ауылдық округі, Үлгілі елді мекенінен; 3. 1500 орындық - Атакент кентінен; 4. 900 орындық - Атакент кентінен; 5. 300 орындық - Ынталы елді мекенінен.

«Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Мақтаарал ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз жарғыларында көрсетілген негізгі міндеттеріне, функцияларына сәйкес қызметті атқарған.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылында аудан бойынша 1528 бала мектепке қабылданып, жалпы 15544 оқушыны құрады.

2022-2023 жаңа оқу жылында аудан бойынша 1-сыныпқа 1540 бала қабылданып, жалпы 15519 оқушымен басталған.

Жалпы орта білім беретін мектептер саны 32-і, онда 15414 оқушы, негізгі орта мектептер саны 1, онда 68 оқушы, 2 бастауыш мектепте 37 оқушы білім алууда.

Мектептен тыс мекеме А.Жұбанов атындағы саз мектебінде 235 оқушы, «Жас туристер станциясында» 180 бала, жалпы 415 бала білім алууда.

Аудан бойынша типтік мектептер саны 32 (91%), ыңғайластырылған мектептер саны 3 (9%), типтік мектептерде – 15241 оқушы (98%) ыңғайластырылған мектептерде – 278 (2%) оқушы білім алууда.

Созақ ауданы бойынша 2021-2022 оқу жылында 11 сыныпты бітіруші саны – 938 оқушыны құрады.

Аудандағы 2286 педагогтың 2237-і жоғары білімді, 49-і арнаулы орта білімді педагогтар. Педагогтарды аттестаттау маусымында педагог-модератор санатына 37 мұғалімнен 19. Педагог сарапшыға 54 мұғалімнен 37 педагог, педагог-зерттеушіден 24 мұғалімнің 18-і, ал педагог-шеберге 1 мұғалім тапсырып белгіленген межеден тиісті ұпайларын жинаған. Өтініш білдіргендердің 60 % ғана тестілеуден өтті.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мемлекеттік мекемесі өз жарғыларында көрсетілген негізгі міндеттеріне, функцияларына сәйкес қызметті атқарған.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Отырар ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша.

2022-2023 оқу жылында білім саласында нысандардың жалпы саны 69 мекеме (40 мектеп, 2 мектептен тыс мекеме, 27 балабақша) жұмыс жасайды.

2022-2023 оқу жылының басымен барлық білім беру мекемелерінде 12 421 оқушы, сынып комплектісі 683. Бір аусымда оқитын мектептер 20 болса, екі аусымда оқитын мектептер 20. Жалпы 788 мектеп бітірушілердің арасында білім беру бағдарламаларын табысты (өте жақсы/ жақсы) меңгерген оқушылардың үлесі–65,7%-ды құраған.

Сапалы орта білім беруге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету, зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру нысаналы индикаторының 2 бөлігіндегі үлгерімі «өте жақсы» және «жақсы» (оқытудың сапасы) оқушылардың үлесі 61,4 пайызды құраған.

Ауданда мектепке дейінгі ұйымдар саны 32 (Мемлекеттік-20, жеке меншік-7, шағын орталықтар саны-6).

Қазіргі таңда 34 мектепке дейінгі ұйымдарда 2 952 бала тәрбиеленуде.

Мектепке дейінгі ұйымда кезекте тұрған 1-6 жас аралығында бала саны-317 құрайды. Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес ауданда 3-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен оқытуға қамту 97%-ды құрап, 100%-ға жеткізілді.

Отырар ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мемлекеттік мекемесі өз жарғыларында көрсетілген негізгі міндеттеріне, функцияларына сәйкес қызметті атқарған.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты жалпы 90 білім беру мекемесі бар. Оның ішінде жалпы орта мектеп - 70, негізгі мектеп – 7 (оның ішінде 3 мектеп жеке меншік), бастауыш мектеп – 13 (оның ішінде 10 мектеп жекеменшікте). Мектеп ғимараттарының 71-і типтік үлгіде, 13-і ыңғайластырылған ғимаратта. Оқушылар саны өткен жылмен салыстырғанда 1000 оқушыға артып, 48 сынып комплектісіне көбейді.

Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға жағдайлар жасауды қамтамасыз ету мақсатында 2022–2023 оқу жылында 9 мектепте инклюзивті 12 сынып ашылып, 123 оқушы – инклюзивті біліммен қамтылған. Одан бөлек 2 мектепте логопункт жұмыс жасайды. Онда зерде дамуы шектелген 30 оқушыға жеке-

жеке дамыту-түзету сабақтары жүргізіледі. Үйде тегін біліммен 368 қамтылған. Ал 44 оқушы ықпалдаса білім алады.

Ауданда 211 мектепке дейінгі мекемелер бар. Оның ішінде мемлекеттік балабақша – 15, жекеменшік балабақша – 196. Барлық мектепке дейінгі мекемелерде 24 878 бала тәрбиеленіп, 3-6 жастағы балалардың мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылуы 93,5 пайызды құрап отыр. 2022-2023 жылы 95,5 пайызға жеткізу жоспарлануда.

2021-2022 оқу жылының қорытындысымен 3153 түлек мектеп бітіріп, оның 2225-сі Ұлттық біріңғай тестілеуге (ҰБТ) қатысты. Ауданның орта баллы 72,1 баллды құраған. 2022 жылы 11-сыныпты бітіруші 154 оқушы «Алтын белгінің», 215 оқушы «Үздік аттестаттың» иесі атанған.

Мектеп құрылысы бойынша: Жарты төбе ауылдық округі, Достық елді мекеніндегі апатты №59 жалпы орта мектебіне жаңадан 300 орындық қосымша ғимарат 2022 жылдың 31 тамызда пайдалануға берілу жоспарланған болатын. Сонымен қатар Сарыағаш қаласы Самал мөлтек ауданынан 900 орындық жаңа мектеп ғимараты, №43 Әл-Фараби атындағы мектепке 150 орындық қосымша ғимарат, №12 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебіне қосымша 150 орындық оқу ғимарат, №56 бастауыш мектебіне қосымша 100 орындық оқу ғимараттары 2022 жылдың 25 желтоқсанында аяқталып, қазіргі таңда қабылдап алу жұмыстары жүргізілуде 2023 жылдың ақпан айында пайдалануға берілу жоспарланған.

Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мемлекеттік мекемесі өз жарғыларында көрсетілген негізгі міндеттеріне, функцияларына сәйкес қызметті атқарған.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша.

Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылында аудан бойынша 1-сыныпқа 2883 бала мектепке қабылданып, жалпы 31 491 оқушыны құрады. 2022-2023 жаңа оқу жылында аудан бойынша 1-сыныпқа 2882 бала қабылданып, жалпы 31 321 оқушымен басталған.

Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің қарамағына 69 мектеп, оның ішінде мектеп – гимназия саны- 1- і, онда 1 466 оқушы, мектеп – лицей саны- 3-і, онда 4 414 оқушы, жалпы орта білім беретін мектептер саны 58-і, онда 24 728 оқушы, негізгі орта мектептер саны 5, онда 484 оқушы, 6-бастауыш мектепте 229 оқушы білім алуда.

Мектептен тыс қосымша білім беру мекеме «№1 балалар өнер мектебі» атындағы саз мектебінде 106 оқушы, «Жас туристер станциясында» 385 бала

(2022 жылдың 1 наурызынан облыстың басқаруына өткен), «Оқушылар сарайы» 2600 бала, жалпы 3091 бала білім алуда.

Аудан бойынша типтік мектептер саны 56 (81%), ыңғайластырылған мектептер саны 11 (15,9 %), апатты мектептер саны 2 (3,1%), типтік мектептерде – 28 930 оқушы (91,8%), ыңғайластырылған мектептерде – 1 411 (4,5%) оқушы, апатты мектеп мектептерде – 1150 (3,7 %) оқушы білім алуда. 2021-2022 оқу жылында аудандағы жалпы орта білім беретін мектептерден мектеп бітіруші саны 1 864 оқушыдан өз еріктерімен ҰБТ-ге 1545 оқушы қатыстырылған, орташа балл 73,5 болған.

Аудандағы білім беру ұйымдарында (жалпы, орта, негізгі) 4 362 педагогтың 4325-і жоғары білімді, 37-і арнаулы орта білімді педагогтар. Педагогтарды аттестаттау маусымында педагог-модератор санатына 23 мұғалімнен 19. Педагог сарапшыға 39 мұғалімнен 14 педагог, педагог-зерттеушіден 34 мұғалімнің 18-і мұғалім тапсырып белгіленген межеден тиісті ұпайларын жинаған. Өтініш білдіргендердің 53,2 % ғана тестілеуден өтті.

Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді оқушыларға тарату жұмыстары жаңа оқу жылына дейін толық аяқталған. Сондай-ақ, мектеп кітапханаларын цифрландыру үшін «Е-Кітапхана» платформасы іске қосылған. Осы орайда, Е-КІТАПХАНА мектеп оқырманына арналған бұлтты сервисін облысқа ендіру жұмыстары басталған. Ауданда 64 мектеп кітапханасы жұмыс жасайды. Аталған платформаға барлық мектеп кітапханасындағы оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер енгізілген.

Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мемлекеттік мекемесі өз жарғыларында көрсетілген негізгі міндеттеріне, функцияларына сәйкес қызметті атқарған.

Мемлекеттік органдардың миссиясы: білім саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру, білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ету болып табылуынан, жалпы аудитпен қамтылған кезең аралығында жоғарыда аталған аудандардың адами әлеуетті дамыту бөлімдері мемлекеттік мекемелері өз жарғыларында көрсетілген негізгі міндеттеріне, функцияларына сәйкес қызметті атқарған.

III. Қорытынды бөлік

3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

Мемлекет аудит барысында 1 098,5 мың теңге, аудиторлық қорытындыны дайындау барысында 135,8 мың теңге қаражаты тиісті бюджетке өтелді және 2 104 622,0 мың теңге қалпына келтірілді.

Мемлекет аудит материалдарын әкімшілік құқық бұзылушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға беру туралы және оларды

қараудың нәтижелері бойынша мәліметтер:

Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне мемлекеттік сатып алу және бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамаларын бұзу фактілері бойынша барлығы әкімшілік құқық бұзылушылық туралы істерді қарау үшін 20 материал жолданды.

Жоғарыда әкімшілік бұзылушылықтары бойынша ұсынылған материалдар бойынша тиісті лауазымдық тұлғаларға 6 фактіге әкімшілік жазасы қолданылған, қалған 14 факті бойынша әкімшілік жазасы қаралуда. Атап айтқанда:

1. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне «Қапланбек жоғары аграрлық-техникалық колледжі» МКҚК-де бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына яғни екінші қол қою құқығы болған мекеменің бас маман-есепшісі Сейілбеков Ербол Асқарұлына әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 09.02.2023-ғы № 10/337 санды хатпен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 04.04.2023 жылғы № 02-38/1030 санды жауап хатында, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 238 бабының 1-тармақшасының 2-бөлігімен «Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Қапланбек жоғары аграрлық-техникалық колледжі» МКҚК-ның бас есепшісі Сейілбеков Ербол Асқарұлы қысқартылған түрдегі **(86 250 теңге)** әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығын хабарланған.

